

## АКАДЕМИЯ ҰЖЫМЫНЫҢ ЫҚЫЛАСЫ ЗОР

О. УАҚПАЕВА

сурет ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясынан алынды

Мәжіліс депутаттары, «Нұр Отан» фракциясының мүшелері Асылбек Смагулов пен Василий Олейник және «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бисимбаевтың қатысуымен Елбасы Жолдауын түсіндіру және жетілдіру бағытында ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттар мен курсанттар арасында кездесу өтті.

та ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүргізіліп, арнайы медиа жоспар бекітілді. Жолдауды жүзеге асыру бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланып, теледидардан сөз сөйленіп, бірталай жиналыстар жүргізіліп, жан-жақты оңтайлы жұмыстар атқарылып жатыр. Қазір бірінші кезекте облыстағы әр адамға Жолдаудың мағынасын, бағыттары мен қағидаларын жан-жақты түсіндірудеміз. Мұнда Елбасы әр адамның әл-ауқатын жақсарту, өмір сүру деңгейін арттыру, білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділік жағдайлары сынды біраз мәселеге тоқталған, – деді Жанабай Бисимбаев.

Одан кейін сөз алған Василий Олейник:

– Жолдауда құқық қорғау органдарындағы штаттық санды оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту, олардың жалақысын көбейту, тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешу көзделген. Елбасы сонда Академия арқылы білікті де кәсіби маман кадрларды даярлау қажеттілігін де айтып өтті, – деді.

Ал Асылбек Смагулов Жолдау аясында ішкі істер органдарының

атқарып жатқан қызметі мен рөліне тоқталды.

– Соның ішінде еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығын, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қызмет барысында қылмыскерлерді ұстауда ерлік көрсетіп, өмірлерін қиған қызметкерлер саны – 700-ге жуық. Дегенмен, ішкі істер органдары қызметін заман талабына сай жетілдіру бағытында көп жұмыстар атқарылып жатыр, – деді депутат. Сондай-ақ, ол мемлекеттік оқу орындарының тиімділігін, олардың сапасын одан әрі көтеруге, жас мамандарды оқу бітірісімен жұмыспен қамтамасыз ету жағдайларына тоқталды.

Кездесу барысында оқу ордасының профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттар мен курсанттар сұрақтар қойды. Сонымен қатар, олар Елбасының Жолдауын бірауыздан қолдап, онда көрсетілген басым бағыттарды дамыту мақсатында жұмыла еңбектенетіндіктерін жеткізді. Соңында Академия басшылығы қонақтарға ЕО-ның «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» (EUCJ) жобасының қаржылық қолдауымен сыйға тартылған мультимедиялық кабинет пен баспаханалық мультимедиялық кабинетін көрсетті.

Академия бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов Қостанай облысына Елбасы Жолдауының қағидаларын, бағыттарын, маңыздылығын толықтай түсіндіру бағытында келген қонақтарды профессорлық-оқытушылар құрамына, магистранттар мен курсанттарға таныстырды. Алғашқы сөз «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанабай Бисимбаевқа берілді.

– Бүгін депутаттар Жолдауды Қостанай облысының құқық қорғау қызметкерлеріне, облыстық соттың сот төрешілеріне, сонымен қатар, Әділет департаментінің қызметкерлеріне түсіндіру үшін келіп отыр. Осы бағыт-

